

Ақбота Серікқызы Садықдокторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0009-0000-3739-2536 E-mail: serikqyzy_resmi@mail.ru**ҚАЗАҚ ӘН ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ ОРНИТОНИМДЕРДІҢ
ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ**

Аңдатпа. Мақала қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігіне жататын дәстүрлі ән фольклорындағы орнитонимдердің, яғни құс атауларының лингвомәдени сипатын зерттеуге арналған. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты – қазақ ән өлеңдерінің мәтіндері негізінде құс атауларының ұлттық дүниетанымындағы символдық, метафоралық және эталондық қызметін айқындау. Жұмыстың ғылыми маңыздылығы зоонимдік лексиканың астарындағы этномәдени кодты ашу арқылы лингвомәдениеттану саласын тың деректермен толықтыруында жатыр. Зерттеу барысында сипаттамалы, компоненттік, контекстік талдау әдістері және лингвомәдени интерпретация тәсілі қолданылды. Талдау нәтижесінде орнитонимдер семантикалық үш топқа жіктелді: сұлулық пен адалдық символы (су құстары), ерлік пен тектілік символы (жыртқыш құстар) және өнер мен хабаршылық символы (сайрағыш құстар). Құс атауларының психологиялық параллелизм құрудағы және сөйлеу этикетін сақтаудағы рөлі анықталды. Жүргізілген зерттеудің құндылығы – қазақ әндеріндегі орнитонимдердің биологиялық атау ғана емес, адамның ішкі сезімі мен әлеуметтік болмысын бейнелейтін тұрақты лингвомәдени бірліктер жүйесі екендігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуінде. Жұмыс қорытындысының практикалық мәні алынған нәтижелерді этномәдени сөздіктер түзуде, фольклортану және тіл білімі пәндерін оқытуда, сондай-ақ ұлттық менталитетті зерттеуде пайдалану мүмкіндігімен негізделеді.

Тірек сөздер: орнитонимдер; қазақ ән мәтіндері; лингвомәдениеттану; ұлттық код; метафора; символ.**Сілтеме жасау үшін:** Садық А.С. Қазақ ән өлеңдеріндегі орнитонимдердің лингвомәдени сипаты. *Tiltanym*, 2026. №2 (102). 160-172-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-160-172>**Ақбота Серікқызы Садық**докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0009-0000-3739-2536 E-mail: serikqyzy_resmi@mail.ru**ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ ОСОБЕННОСТИ ОРНИТОНИМОВ
В КАЗАХСКИХ ПЕСНЯХ**

Аннотация. Статья посвящена исследованию лингвокультурологической природы орнитонимов (названий птиц) в традиционном песенном фольклоре, являющемся неотъемлемой частью духовной культуры казахского народа. Основной целью научного исследования является определение символической, метафорической и эталонной функции орнитонимов в национальном мировоззрении на основе текстов песен. Научная значимость работы заключается в дополнении сферы лингвокультурологии новыми данными посредством раскрытия этнокультурного кода зоонимической лексики. В ходе исследования были использованы методы описательного, компонентного, контекстуального анализа и лингвокультурологической интерпретации. В результате анализа орнитонимы были классифицированы на три семантические группы: символы красоты и верности (водоплавающие птицы), символы мужества и благородства (хищные птицы), символы искусства и вестничества (певчие птицы). Определена роль названий птиц в создании психологического параллелизма и соблюдении речевого этикета. Ценность проведенного исследования состоит в научном обосновании того, что орнитонимы в казахских песнях представляют собой не просто биологические наименования, а систему устойчивых лингвокультурных единиц, отражающих внутренние чувства и социальное бытие человека. Практическая значимость итогов работы обосновывается возможностью использования полученных результатов при составлении этнокультурных словарей, в преподавании дисциплин фольклористики и языкознания, а также в изучении национального менталитета.

Ключевые слова: орнитонимы; тексты казахских песен; лингвокультурология; национальный код; метафора; символ.**Для цитирования:** Садық А.С. Лингвокультурные особенности орнитонимов в казахских песнях. *Tiltanym*, 2026. №2 (102). С. 160-172. (на каз. яз.)DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-160-172>

Akbota Sadyk

Doctoral Student, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0009-0000-3739-2536 E-mail: serikqyzy_resmi@mail.ru

LINGUOCULTURAL FEATURES OF ORNITHONYMS IN KAZAKH SONGS

Abstract. The article is devoted to the study of the linguocultural nature of ornithonyms (bird names) in traditional song folklore, which is an integral part of the spiritual culture of the Kazakh people. The main purpose of the scientific research is to identify the symbolic, metaphorical, and etalon functions of ornithonyms in the national worldview based on the lyrics of songs. The scientific significance of the work lies in supplementing the field of linguoculturology with new data by revealing the ethnocultural code of zoonymic vocabulary. During the research, methods of descriptive, component, contextual analysis, and linguocultural interpretation were used. As a result of the analysis, ornithonyms were classified into three semantic groups: symbols of beauty and loyalty (water birds), symbols of courage and nobility (birds of prey), and symbols of art and messengers (songbirds). The role of bird names in creating psychological parallelism and observing speech etiquette was determined. The value of the conducted research lies in the scientific proof that ornithonyms in Kazakh songs are not just biological names, but a system of stable linguoculturemes reflecting a person's inner feelings and social existence. The practical significance of the work is based on the possibility of using the obtained results in compiling ethnocultural dictionaries, teaching folklore and linguistics disciplines, as well as in studying the national mentality.

Keywords: ornithonyms; Kazakh song lyrics; linguoculturology; national code; metaphor; symbol.

For citation: Sadyk, A. Linguocultural Features of Ornithonyms in Kazakh Songs. *Tiltanyim*, 2026. No.2 (102). Pp. 160-172. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-160-172>

Кіріспе

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мәдениетінде, дүниетанымдық көзқарасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруда ән өнерінің алатын орны ерекше. Көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың табиғатпен етене жақындығы қоршаған ортадағы құбылыстарды, әсіресе, жан-жануарлар мен құстар әлемін ұлттық санада ерекше қабылдауға негіз болды. Қазіргі отандық филология ғылымында фольклорлық мұралар, оның ішінде ән мәтіндері әдебиеттану және музыкатану тұрғысынан жан-жақты зерттелген. Осы зерттеулерде қалыптасқан мол ғылыми тәжірибеге сүйене отырып, бұл жұмыс зоонимдік лексиканың, соның ішінде орнитонимдердің, яғни құс атауларының лингвомәдени сипаты мен этномәдени кодын арнайы әрі кешенді зерттеуді мақсат етеді. Құс атаулары поэтикалық троптар (теңеу, метафора) ретіндегі көркемдік қызметімен қатар, олардың астарында терең танымдық, мифтік және символдық мәндерді де қамтиды, бұл оларды лингвомәдени тұрғыдан тереңірек зерделеуге мүмкіндік ашады. Бұл жағдай қазақ ән мәтіндеріндегі орнитонимдерді жаңа антропоэзектік парадигма тұрғысынан қайта қарастыру қажеттілігін туындатып, тақырыпты таңдаудың негізгі себебі болып отыр.

Мұнда зерттеу нысанының терминологиялық аражігін ажыратып алу қажет. «Ән өлеңі» дегеніміз – белгілі бір әуенге салынып айтылатын, ырғақ пен ұйқасқа құрылған поэзиялық шығарма, яғни мәтіні мен сазы біртұтас өрілген ауызша фольклордың синкретті жанры. Әуенге арналып шығарылғандықтан, ән өлеңі қарапайым жазба поэзиядан ерекшеленеді, ондағы қайталаулар, қаратпалар, одағай сөздер мен тұрақты теңеулер музыкалық орындаушылықпен тікелей байланысты. Дегенмен лингвомәдени талдаудың нысаны ретінде бізді осы жанрдың сөздік, вербалды қабаты, яғни ән мәтіні қызықтырады. Сондықтан бұл мақалада «ән өлеңі» жанрлық атау ретінде сақталғанымен, талдау бірлігі ретінде бұдан әрі «ән мәтіні» термині қолданылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі қазіргі жаһандану дәуіріндегі ұлттық кодты сақтау және оны келер ұрпаққа жеткізу мәселесімен тікелей байланысты. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – этностың ғасырлар бойғы тәжірибесін, дүниетанымы мен менталитетін сақтайтын мәдени код. Осы орайда, халық әндеріндегі «аққу», «бұлбұл», «сұңқар», «қарлығаш» секілді орнитонимдер жай ғана биологиялық атаулар емес, олар ұлттық болмысты, адамның ішкі жан дүниесін, сұлулық пен ерлік туралы түсініктерін бейнелейтін лингвомәдени бірліктер қызметін атқарады. Бұл тақырыптың теориялық маңыздылығы лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика және этнолингвистика салаларындағы «тіл – мәдениет – адам» үштігін тереңірек

түсінуге мүмкіндік беретіндігімен, ал практикалық құндылығы – жинақталған нәтижелерді лексикографияда, этномәдени сөздіктер түзуде және оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндігімен дәйектеледі.

Зерттеудің объектісі ретінде қазақтың дәстүрлі халық әндері алынды. Зерттеу пәніне аталған ән мәтіндеріндегі орнитонимдердің семантикалық құрылымы, қолданылу ерекшеліктері және лингвомәдени мазмұны жатады. Жұмыстың негізгі мақсаты – қазақ ән мәтіндеріндегі құс атауларының тілдік табиғатын ашып, олардың ұлттық дүниетанымдағы символдық, метафоралық және эталондық қызметін лингвомәдени аспектіде айқындау. Осы мақсатқа жету үшін алға қойылған міндеттер қатарына: ән мәтіндеріндегі орнитонимдерді жинақтау және жүйелеу; олардың тура және ауыспалы мағыналарын ажырату; құс бейнелері арқылы жасалған ұлттық стереотиптер мен ассоциацияларды анықтау; орнитонимдердің этностың аксиологиялық, яғни құндылықтар жүйесіндегі орнын бағамдау кіреді.

Зерттеу барысында сипаттамалы талдау, компоненттік талдау, контекстік талдау және лингвомәдени интерпретация әдістері мен тәсілдері басшылыққа алынды. Зерттеудің ғылыми гипотезасы бойынша, қазақ ән мәтіндеріндегі орнитонимдер қоршаған ортаның жай ғана атауы емес, олар халықтың эстетикалық, этикалық және философиялық танымын таңбалайтын, адамның мінез-құлқы мен көңіл-күйін, әлеуметтік мәртебесін және өмірлік ұстанымдарын жеткізетін тұрақты көркемдік-танымдық модельдер жүйесі. Жұмыстың ғылыми мәні – фольклорлық мәтіндердегі зоонимдік лексиканың ұлттық менталитетті танудағы рөлін ашу арқылы қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану саласын жаңа деректермен толықтыруында.

Материал және әдістер

Зерттеу жұмысының эмпирикалық базасы ретінде Қазақстан Республикасының «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында жарық көрген жүз томдық «Бабалар сөзі» сериясының 99-томына енген «ән-өлеңдер» алынды. Зерттеу материалының негізгі дереккөзіне жататын бұл академиялық жинаққа қазақ халқының ғасырлар бойы сақталған, ауызша дәстүр арқылы жеткен және XIX-XX ғасырларда хатқа түскен 558 ән мәтіні енгізілген. Зерттеу нысанының сандық сипаттамасы аталған жинақтағы барлық ән мәтіндерін толығымен шолып шығу арқылы жүзеге асырылды. Нәтижесінде зерттеу жұмысына тікелей қатысы бар, құрамында орнитонимдер кездесетін 200-ден астам репрезентативті мәтіндік үлгі іріктеліп алынды. Материалдың сапалық сипаттамасы тұрғысынан қарағанда, талданған мәтіндер негізінен лирикалық әндер, ғашықтық жырлар, жастық шақ туралы толғаулар және тұрмыс-салт әндері жанрын қамтиды. Бұл жанрлардағы орнитонимдердің қолданылу жиілігі мен семантикалық жүктемесі халықтың эмоционалдық-экспрессивтік лексика қорының байлығын көрсетеді.

Зерттеудің ғылыми әдістемесі нақты қойылған мәселе – қазақ ән мәтіндеріндегі орнитонимдердің жай ғана номинативті атау емес, этномәдени ақпарат тасымалдаушы бірлік екенін дәлелдеуге негізделген. Осыған орай жұмыстың ғылыми гипотезасы (тезисі) ретінде мынадай тұжырым ұсынылады: халық әндеріндегі құс атаулары адамның ішкі жан дүниесін, әлеуметтік мәртебесін және моральдық-этикалық құндылықтарын бейнелейтін тұрақты лингвокультуремалар жүйесін құрайды. Зерттеу жұмысы бірнеше кезеңді қамтыды: бірінші кезеңде «Бабалар сөзі» жинағынан орнитонимдері бар барлық контекст теріп алынды; екінші кезеңде жинақталған лексикалық бірліктер семантикалық топтарға жіктелді; үшінші кезеңде олардың лингвомәдени мағынасы мен символдық қызметі айқындалды.

Зерттеу нәтижелеріне қол жеткізу үшін дәстүрлі және заманауи лингвистикалық әдістер кешені пайдаланылды. Атап айтқанда, сипаттамалы талдау әдісі арқылы орнитонимдердің ән мәтіндеріндегі қолданылу ерекшеліктері суреттелсе, компоненттік талдау әдісі сөздердің мағыналық құрылымын ашуға мүмкіндік берді. Контекстік талдау әдісі құс атауларының ауыспалы мағынада, яғни метафора, теңеу, символ ретінде жұмсалып аясын анықтау үшін қолданылды. Сонымен қатар статистикалық талдау әдісі арқылы ән мәтіндерінде ең жиі кездесетін орнитонимдердің, яғни доминанттық лексемалардың рейтингі түзіліп, лингвомәдени интерпретация әдісі арқылы олардың астарындағы ұлттық-танымдық ақпараттар талданды. Бұл әдістердің жиынтығы зерттеу нәтижелерінің шынайылығы мен ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді.

Әдебиетке шолу

Қазіргі тіл біліміндегі антропоэзектік парадигманың қалыптасуы тілдік құбылыстарды мәдениетпен, адамның дүниетанымымен сабақтастыра қарастыруға кең жол ашты. Осы орайда, лингвомәдениеттану ғылымының теориялық негіздері мен әдістемелік қағидаттары шетелдік және отандық ғалымдардың іргелі еңбектерінде жан-жақты қарастырылған. Ресейлік ғалым В.А. Маслова лингвомәдениеттануды тіл мен мәдениеттің өзара әрекеттесуін зерттейтін, халықтың мәдени құндылықтарының тілдік таңбалардағы көрінісін қарастыратын пән ретінде анықтайды. Оның пайымдауынша, тіл – мәдениеттің құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар мәдени кодтарды сақтаушы және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал (Маслова, 2004: 28). Ал В.Н. Телия фразеология мен метафораны зерттей отырып, тілдік бірліктердің коннотациялық мағыналарында ұлттық менталитеттің ізі жатқандығын дәлелдеген. Ғалым: «Метафора – әлемді танудың және оны мәдени тұрғыдан игерудің ең тиімді тәсілі. Метафоралық номинация арқылы адам өзіне беймәлім дүниені бұрыннан таныс образдар (эталондар) арқылы қабылдайды және оған эмоционалдық баға береді» деп атап көрсеткен (Телия, 1996: 164). Бұл тұжырымдар біздің зерттеуіміздегі орнитонимдердің жай ғана атау емес, символдық мәнге ие мәдени белгілер екендігін негіздеуге тірек болады.

Қазақстандық ғылымда тіл мен мәдениеттің байланысы академик Ә. Қайдардың этнолингвистикалық еңбектерінде (Қайдар, 2013), Ж. Манкееваның когнитивтік зерттеулерінде (Манкеева, 2008) және З. Ахметжанованың лингвомәдениеттануға қатысты еңбектерінде (Ахметжанова, 2016) терең талданған. Атап айтқанда, З. Ахметжанова қазақ мәдениетінің өзекті концептілерін тілдік бейненің негізі ретінде қарастырып, ұлттық рух пен тіл арасындағы сабақтастықты айқындап берді. Ғалымның пікірінше, лингвомәдениеттану этнос мәдениетін өз лексикасы арқылы танытады. Сонымен қатар А. Әмірбекова (Әмірбекова, 2006), Г. Смағұлова (Смағұлова, 2010) сынды ғалымдар тілдік бірліктердің ұлттық бояуын, фразеологизмдер мен метафоралардың танымдық сипатын зерттеуде қомақты үлес қосты. Осы іргелі тұжырымдарға сүйене отырып, аталмыш жұмыс ән мәтіндеріндегі құс атауларының жүйелі лингвомәдени сипатын тұтас жүйе ретінде талдауға ден қояды. Осы орайда, Ж.А. Абдумананованың орнитонимдердің метафоралануы мен символдық мәнін қарастырған зерттеуін атап өтуге болады. Зерттеуші: «Орнитонимдердің адам тыныс-тіршілігімен астасып жатуы, адами қасиеттердің құс атаулары арқылы берілуі – тіл мен ұлттық танымның сабақтастығын көрсетеді» деген тұжырым жасайды (Абдумананова, 2017: 373). Бұл пікір біздің зерттеуіміздің теориялық негізін толықтыра түседі.

Музыкалық дискурс пен ән мәтіндерінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу мәселесіне келгенде, К.Қ. Күркебаев пен Х.А. Ордабекованың зерттеуін атап өту қажет. Олар дәстүрлі қазақ ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесін қарастыра отырып, ән өнеріндегі философиялық ой тереңдігі мен дидактикалық мазмұнды ашып көрсеткен (Күркебаев, Ордабекова, 2022).

Қазақ тіл біліміндегі ізденістермен қатар, орнитонимдер мен зоонимдердің фольклорлық дискурстағы символдық әрі метафоралық қызметі соңғы жылдардағы халықаралық зерттеулерде де белсенді қарастырылып келеді. Атап айтқанда, А.С. Пангереев пен әріптестері эпикалық мәтіндердегі онимдердің, соның ішінде жер-су атауларының лингвомәдени кодты тасымалдау тетігін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры негізінде талдап, онимдік бірліктердің ұлттық сананың символдық, бейнелі және метафоралық қабаттарын сақтайтынын дәлелдейді (Pangereyev, 2023: 14). Бұл тұжырым ән мәтіндеріндегі орнитонимдерді де этномәдени кодтың тасымалдаушысы ретінде қарастыруға әдіснамалық тірек болады. К.А. Сахибуллина орнитоним компонентті фразеологизмдердің заманауи дискурстағы вариативтілігі мен прагматикалық әлеуетін ағылшын тілі материалында зерделей келе, құс атауларының эмоционалды-экспрессивтік әсер күшіне ие болатынын көрсетеді (Sakhibullina, 2023). Ал зерттеуші О.Р. Жерновая зоонимдік фразеологиялық бірліктердің этномәдени коннотацияларын талдай отырып, олардың әсіресе ән мен көркем мәтіндерде айрықша мәдени мәнге ие болатынын айқындайды (Zhernovaya, 2021). Аталған еңбектердегі тұжырымдар, бір жағынан, орнитонимдік символиканың әмбебап сипатын растаса, екінші жағынан, әрбір ұлттың тілдік бейнесіндегі вариативті, өзіндік мәдени реңктердің болатынын дәйектейді. Осылайша бұл зерттеулер қазақ ән мәтіндеріндегі орнитонимдердің

зоосемантикалық және когнитивтік-метафоралық табиғатын типологиялық тұрғыдан негіздеуге мүмкіндік береді.

Осы ретте бұл зерттеу жұмысы жоғарыда аталған ғылыми ізденістерді толықтыра түседі. Егер бұрынғы еңбектерде құс атаулары биологиялық немесе жалпы лингвистикалық тұрғыда сөз болса, бұл мақалада нақты ән мәтіндері негізінде орнитонимдердің ұлттық кодты тасымалдаушы, адамның ішкі сезімі мен әлеуметтік болмысын бейнелеуші лингвокультуре ретіндегі қызметі кешенді түрде талданады. Зерттеу жұмысы ән өлеңдеріндегі зоонимдік метафоралардың этномәдени астарын ашу арқылы қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану саласының дереккөзін байытуға бағытталған.

Нәтижелер және талқылау

Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында табиғат пен адам болмысының тұтастығы ерекше орын алады. Ән өнеріндегі поэтикалық мәтіндерді лингвомәдени тұрғыдан талдау барысында, әсіресе, орнитонимдердің жиі қолданылатыны және олардың терең символдық мәнге ие екендігі байқалды. Көшпелі өмір салтында құс – еркіндіктің, сұлулықтың, биіктік пен хабардың белгісі ретінде қабылданып, ұлттық менталитеттегі маңызды концептілерді таңбалаушы тілдік бірлікке айналған. Ән өлеңдерінің мәтіндерін сараптау нәтижесінде, құс атауларының жай ғана зоологиялық лексика емес, этностың эстетикалық талғамы мен этикалық ұстанымдарын жеткізетін лингвомәдени бірліктер екеніне көз жеткіздік. Бұл тұжырым батыс лингвистикасындағы когнитивтік метафора теориясының негізін қалаушылар Джордж Лакофф пен Марк Джонсонның «метафора – тек тілдік құрал ғана емес, ол біздің ойлау және әрекет ету жүйеміздің негізі» (Lakoff, 2003: 46) деген пікірімен толықтай үндеседі.

Зерттеу нысанына алынған жинақтағы ән мәтіндерінің лексикалық құрамын статистикалық тұрғыдан шолып өтсек, зоонимдердің ішінде орнитонимдердің үлес салмағы басым екендігі анықталды. Бұл құбылыс қазақ халқының аңшылық пен саятшылық өнеріне, сондай-ақ сулы-нулы жерлерді мекендеген құстардың сұлулығына деген ынтызарлығымен түсіндіріледі. Мәтіндерде «аққу», «қаз», «үйрек», «бұлбұл», «қарлығаш», «бүркіт», «сұңқар», «лашын», «тұйғын», «тоты», «қырғауыл» сияқты атаулар кездеседі. Бұл лексемалардың әрқайсысы белгілі бір коммуникативтік жағдаятта қолданылып, тыңдаушыға нақты прагматикалық әсер ету мақсатында жұмсалады.

Зерттеу нәтижелерін сандық тұрғыдан нақтылау мақсатында «Бабалар сөзі» сериясының 99-томы («Ән-өлеңдер») материалына статистикалық талдау жүргізілді. Аталған том қазақ халқының XIX – XX ғасырларда хатқа түскен 558 ән мәтінін қамтиды. Толық шолу барысында осы мәтіндердің 200-ден астамында, яғни корпусың үштен бірінен астам бөлігінде құрамында кемінде бір орнитоним бар екендігі анықталды. Бұл мәтіндерден орнитонимдердің барлығы 298 қолданысы теріп алынып, әрбір атаудың қолданылу жиілігі мен жалпы орнитонимдік қолданыстағы үлес салмағы есептелді (Кесте 1). Мұндай сандық көрсеткіштер құс атауларының ән фольклорындағы белсенділік дәрежесін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Кесте 1 – Қазақ ән мәтіндеріндегі орнитонимдердің қолданылу жиілігі

Таблица 1 – Частотность употребления орнитонимов в текстах казахских песен

Table 1 – Frequency of Ornithonym Usage in Kazakh Song Lyrics

Орнитоним	Жиілігі	Үлесі, %	Семантикалық топ
Қаз	36	12,1	су құстары
Үйрек	36	12,1	су құстары
Бұлбұл	31	10,4	сайрағыш құстар
Аққу	25	8,4	су құстары
Қаршыға	20	6,7	жыртқыш құстар
Тоты	19	6,4	дала/сәнді құстар
Бүркіт	18	6,0	жыртқыш құстар

Сұңқар	18	6,0	жыртқыш құстар
Тұйғын	18	6,0	жыртқыш құстар
Қыран	14	4,7	жыртқыш құстар
Лашын	11	3,7	жыртқыш құстар
Торғай	11	3,7	сайрағыш құстар
Қарлығаш	6	2,0	сайрағыш құстар
Жапалақ	5	1,7	жыртқыш құстар
Қырғауыл	5	1,7	дала/сәнді құстар
Тырна	3	1,0	су құстары
Шүрегей	1	0,3	су құстары
Қасқалдақ	1	0,3	су құстары
Ителгі	1	0,3	жыртқыш құстар
<i>Барлығы</i>	<i>298</i>	<i>100</i>	

Кесте 1-дегі деректер орнитонимдердің қолданылу жиілігі бойынша «қаз», «үйрек», «бұлбұл» және «аққу» лексемаларының басым екенін көрсетеді. Осы төрт атаудың өзі барлық орнитонимдік қолданыстың жартысына жуығын (шамамен 43%-ын) құрайды. Бұл көрсеткіш қазақ ән фольклорының жанрлық табиғатына тікелей байланысты. Аталған әндердің басым бөлігі ғашықтық лирикаға, жастық шақ пен сұлулықты жырлайтын толғауларға жататындықтан, лирикалық кейіпкердің ішкі сезімін бейнелеуге қызмет ететін су құстары мен сайрағыш құстардың атаулары жиілік тізімінің жоғары шегінде шоғырланған. «Аққу» мен «қаз-үйрек» бейнелері ғашық жардың пәктігі мен сұлулығын, ал «бұлбұл» әншілік өнер мен махаббат сезімінің шынайылығын таңбалай отырып, мәтіндердің эмоционалды-экспрессивтік өзегін құрайды. Демек, бұл лексемалардың жоғары жиілігі олардың ұлттық поэтикалық санада орныққан тұрақты символдық мәртебесін айғақтайды.

Ал «бүркіт», «сұңқар», «лашын», «тұйғын», «қыран», «қаршыға» сияқты жыртқыш құс атаулары жеке-жеке алғанда орташа жиілікте (әрқайсысы 11 – 20 қолданыс аралығында) болғанымен, жалпылама алғанда үлесі елеулі. Бұл құстардың семантикасы негізінен ерлік, тектілік, өршіл рух пен азаматтық болмысты сипаттауға бағытталғандықтан, олар су құстарына қарама-қарсы тұрғанымен, оны мағыналық тұрғыдан толықтыратын символдық өріс құрайды. Жыртқыш құс атауларының алуандығы, яки синонимдік қатардың байлығы қазақ халқының құсбегілік дәстүрімен, саятшылық өнерімен тығыз байланысты болып, бұл саладағы ұғымдық аражіктің тілде нақты сараланғанын көрсетеді. Сайрағыш құстар мен дала құстарының жиілігі салыстырмалы түрде аз болғанымен, олар мәтіндерге өзіндік көркемдік реңк үстеп, сұлулық пен сән-салтанат, көңіл-күй құбылыстарын беруде ұтымды қолданылады.

Орнитонимдердің мұндай әркелкілігі олардың ән мәтініндегі қызметінің әртүрлілігін аңғартады. Жиі кездесетін атаулар әмбебап символдарға айналып, мәтіннің мазмұндық тірегін құраса, сирек кездесетіндері нақты бейнелеу немесе әннің мағыналық бояуын қалыңдату мақсатында жұмсалады. Атаулардың семантикалық топтар бойынша таралуын салыстыру әрбір топтың ән мәтіндеріндегі функционалдық белсенділігін бағамдауға және құс бейнелерінің ұлттық дүниетанымдағы орнын объективті айқындауға мүмкіндік береді (2-кесте).

Кесте 2 – Орнитонимдердің семантикалық топтары бойынша үлес салмағы

Таблица 2 – Распределение орнитонимов по семантическим группам

Table 2 – Distribution of Ornithonyms by Semantic Groups

Семантикалық топ	Атау саны	Жалпы жиілігі	Үлесі, %
I топ – су құстары (аққу, қаз, үйрек, шүрегей, қасқалдақ, тырна).	6	102	34,2

II топ – жыртқыш құстар (бүркіт, сұңқар, лашын, түйғын, қыран, қаршыға, жапалақ, ителгі).	8	105	35,2
III топ – сайрағыш және дала құстары (бұлбұл, қарлығаш, тоты, торғай, қырғауыл).	5	72	24,2
<i>Барлығы</i>	<i>19</i>	<i>279</i>	<i>~94</i>

Кесте 2-ден көрініп тұрғандай, жыртқыш құстар (35, 2%) мен су құстары (34, 2%) топтары жиілігі жағынан шамалас болып, ән фольклорындағы екі негізгі бағытты – ерлік пен сұлулық эстетикасын қатар таңбалайды. Сайрағыш құстар мен дала құстары (24, 2%) үлесі жағынан салыстырмалы түрде аз болғанымен, «бұлбұл» лексемасының жоғары жиілігі бұл топтың әншілік өнер мен ғашықтық сезімді бейнелеудегі салмағы басым түсетінін дәлелдейді. Жүргізілген сандық талдау мақаланың сапалық тұжырымдарын эмпирикалық тұрғыдан нығайта түседі.

Кестедегі сандық көрсеткіштер «Бабалар сөзі» 99-томының мәтіндік корпусы бойынша есептелген. Қалғаны, шамамен 6%, сирек кездесетін және жекелеген бір рет қана ұшырасатын орнитонимдердің үлесіне тиесілі.

Талданған материалдар негізінде ән мәтіндеріндегі орнитонимдерді семантикалық және функционалдық қызметіне қарай үш ірі топқа жіктеуге болады:

Бірінші топ – сұлулық, нәзіктік және адалдық символы ретінде жұмсалатын су құстары (аққу, қаз, үйрек);

Екінші топ – ерлік, тектілік, өршілдік және ғашықтық ынтызарлықты білдіретін жыртқыш құстар (бүркіт, сұңқар, лашын, түйғын);

Үшінші топ – өнер, шешендік, көңіл-күй және хабаршылық қызмет атқаратын сайрағыш және дала құстары.

Осы жіктелім негізінде әрбір топтың лингвомәдени ерекшелігіне жеке-жеке тоқталамыз.

Қазақ лингвомәдениетінде сұлулық пен тазалықтың ең жоғарғы өлшемі ретінде су құстары, оның ішінде «аққу» бейнесі қарастырылады. Аққу – киелі құс, сондықтан ол ән мәтіндерінде ғашық жардың пәктігін, ақыл-парасатын және қоғамдағы биік орнын сипаттау үшін қолданылады. Мәселен, әйгілі «Гәкку» әнінде:

«Шүрегей, көлден ұшқан, сіз бір аққу,

Қалқаға арнап жаздым осы хатты» (Бабалар сөзі, 2013: 131) – деген жолдар бар. Мұндағы лирикалық кейіпкер қарапайым «шүрегей» үйрегі мен асыл текті «аққуды» шендестіру арқылы сүйген қызының өзгелерден оқ бойы озық тұрған даралығын, қол жетпес биік болмысын айшықтайды. Бұл теңеу жай ғана сыртқы сұлулықты емес, ішкі рухани тазалықты да білдіреді.

Аққу бейнесі тек кемелденген сұлулықты ғана емес, сонымен қатар жастық шақтың нәзіктігі мен қорғансыздығын бейнелеу үшін де жиі жұмсалады. «Жұбай» әніндегі:

«Айналайын, қарағым, кекілдім-ай,

Балапаны аққудың секілдім-ай» (Бабалар сөзі, 2013: 184) – деген тіркесте «аққудың балапаны» метафорасы қолданылған. Бұл жерде «балапан» сөзі қыздың жастығын, ал «аққу» сөзі оның тектілігін меңзейді. «Құстардың өз балапанын сыртқы жаудан қорғау үшін жанкешті әрекетке баруы – этнос тілінде «қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай» деген тұрақты тіркестің қалыптасуына негіз болған» (Жиренов, 2023: 16). Халықтық танымда аққудың балапанына тиісуге болмайды деген тыйым бар, сондықтан бұл теңеу арқылы жігіт өзінің сүйіктісіне деген аяулы сезімін, оны қорғауға деген ішкі ұмтылысын жеткізеді. Осылайша, орнитоним эмоционалдық-экспрессивтік бояуға ие болып, мәтіннің лирикалық әуенін күшейте түседі.

Су құстары тобына жататын «үйрек» және «қаз» лексемалары да қыздың сыртқы келбетін, әсіресе жүріс-тұрысын сипаттауда маңызды рөл атқарады. «Агугай, Жамал-ай» әнінде:

«Үйректің өрге жүзер қасқалдағы,

Көпірдің солқылдайды басқа жағы» (Бабалар сөзі, 2013: 37) – деген жолдар кездеседі. Мұндағы «қасқалдақ» (мандайында ақ белгісі бар үйрек түрі) сөзі қыздың сирек кездесетін сұлулығын білдірсе, «өрге жүзу» тіркесі оның ерке, қырсық, бірақ өте тартымды мінезін

аңғартады. Ал «Қоңыр қаз-үйрек» әніндегі *«Қоңыр қаз-үйрек, қанатын сүйреп»* (Бабалар сөзі, 2013: 252) деген жолдарда құстың қанатын сүйретіп жүруі арқылы қыздың назды қылығы, бипаз жүрісі және мұнды көңіл-күйі астарлы түрде суреттелген. Бұл мысалдар зоонимдік метафоралардың портреттік сипаттау қызметін атқаратынын нақты дәлелдейді.

Сонымен қатар су құстарына қатысты орнитонимдер ән мәтіндерінде тек сыртқы сұлулықты ғана емес, ғашықтық сағыныш пен қол жетпес арманды бейнелеу үшін де қолданылады. Мәселен, «Ахау, Үрия-ай» әніндегі *«Алма мойын ала үйрек ұшар сайдан»* (Бабалар сөзі, 2013: 94) деген жолдардағы «алма мойын» тіркесі бір жағынан құстың иілген сұлу мойнын сипаттаса, екінші жағынан арудың мүсінін көз алдыға келтіреді. Ал құстың «сайдан ұшуы» қыздың ұзатылуын немесе жігіттің қолы жетпей қалған сәтін меңзейді. Бұл жердегі «ала үйрек» лексемасы лирикалық кейіпкердің ішкі құлазуы мен ынтызарлығын күшейтетін психологиялық параллелизм қызметін атқарып тұр.

Су құстары әйел затының нәзіктігі мен сұлулығын бейнелесе, жыртқыш құстар тобына жататын «бүркіт», «сұңқар», «лашын», «тұйғын» орнитонимдері – ер жігіттің қайратын, тектілігін және өршіл рухын танытатын негізгі символдарға жатады. Академик Ә. Қайдар жануарлар әлеміне қатысты атаулардың (зоонимдердің) этнос өміріндегі маңызын зерттей келе, жыртқыш құстардың бейнесі арқылы көшпелілердің жауынгерлік рухы мен билік иерархиясы бейнеленетінін жазған (Қайдар, 2013: 480). Бұл символдық қолданыстың түп-төркіні ежелгі наным-сенімдерде жатыр. Зерттеуші З.Ж. Даниярова түркі халықтарының дүниетанымын талдай келе: «Ежелгі халықтар жануарлар мен құстардың барлық түрлерін керемет күш ретінде танып, оларға құрметпен қарап, табынған. Сібір халықтарының арасында аю, бүркіт, аққу, қаз сияқты тіршілік иелері тотем ретінде қабылданған» деген маңызды дерек келтіреді (Даниярова, 2024: 236). Қазақ әндеріндегі аққуды кие тұту немесе бүркітті күш иесі санау – осы көне тотемдік түсініктің заңды жалғасы.

Қазақ фольклорындағы «аңшы (жігіт) – олжа (қыз)» бинарлы оппозициясы осы құс атаулары арқылы жиі жүзеге асады. Мысалы, «Ақжай» әнінде жігіттің немесе оның тұлпарының кемелденген шағы *«Сұңқардай үш түлеген аппақ болып-ай»* (Бабалар сөзі, 2013: 58) деген теңеу арқылы берілген. Құсбегілік танымда «үш түлеген сұңқар» – әбден толысқан, қуаты тасыған, нағыз бабына келген қыранды білдіреді. Осы этнографиялық ұғым арқылы ән мәтінінде жігіттің рухани және физикалық кемелдігі шебер суреттелген.

Жыртқыш құстардың ішінде «қыран» мен «бүркіт» атаулары жігіттің өмірлік ұстанымы мен азаматтық болмысын айқындау мақсатында жиі философиялық толғамдарға арқау болады. «Қыран бүркіт» әніндегі:

«Қыран бүркіт қиядан құр алмайды,

Бас қосылмай дүние құралмайды» (Бабалар сөзі, 2013: 272) – деген жолдарда терең мағына жатыр. «Халық танымында бүркіт – «аспан патшасы, көк еркесі, құс төресі» саналады және оның қырағылығы мен батылдығы адамның мінез-құлқын бағалауда эталон ретінде қолданылады» (Жиренов, 2023: 16). Мұндағы «қиядан құр алмау» (яғни, оңай олжаға немесе бос нәрсеге қызықпау) тіркесі арқылы текті жігіттің ұсақталмайтын ірі мінезі, биік талғамы және өмірлік мақсатының айқындығы көрсетілген. Бұл – орнитонимдердің ұлттық менталитеттегі «тектілік» категориясын таңбалаудағы айрықша қызметін дәлелдейді.

Ғашықтық лирикада жігіттің қызға деген ынтызарлығы мен оған қол жеткізуге ұмтылысы «тұйғын» бейнесі арқылы да жиі көрініс табады. Мысалы, «Ақ қайың» әнінде:

«Секілді ақ балапан тұйғын қуған,

А, ақ қайың айдай» (Бабалар сөзі, 2013: 50) – деген жолдар кездеседі. Бұл жерде ғашығын іздеген жігіттің жан-дәрмен күйі, мақсаткерлігі жыртқыш құстың аңға түсу сәтімен шендестірілген. «Ақ балапан» теңеуі қыздың пәктігін білдірсе, «тұйғын» – жігіттің алғырлығын, жігерін танытады. Мұндай метафоралық қолданыс қазақ жігітінің табиғатындағы батылдық пен қайсарлықты ғашықтық сезіммен ұштастырады, нәтижесінде «аңшы – олжа» моделіндегі дәстүрлі фольклорлық сюжет жаңғыртылады.

Сонымен қатар жыртқыш құстардың атаулары ән мәтіндерінде антитеза (шендестіру) құру үшін де тиімді қолданылады. «Абайкөк» әніндегі:

«Жапалақ жалбаң-қалбаң ұшар сайдан,

Лашын құс қуып жетер әлде қайдан» (Бабалар сөзі, 2013: 34) – деген жолдарда «жапалақ» пен «лашын» қарама-қарсы қойылған. Мұнда жапалақ – сәтсіздіктің, дәрменсіздіктің немесе жағымсыз бәсекелестің символы болса, лашын – жеңістің, мықтылықтың және ақиқаттың бейнесі. Ал «Қаршыға» әнінде:

«Қаршығам қаз ал десем, қаз алмайды,

Ежелден кекті дұшпан тазармайды» (Бабалар сөзі, 2013: 244) – деп, құстың аң алмауы арқылы адамның көңіл-күйі, реніші және өмірдегі сәтсіздіктер астарлы түрде жеткізіледі. Бұл мысалдар орнитонимдердің тек тікелей мағынада емес, кейіпкердің психологиялық халін ашудағы құрал ретінде жұмсалатынын көрсетеді.

Үшінші топқа жататын сайрағыш және дала құстарының ішінде «бұлбұл» лексемасының лингвомәдени жүгі өте ауыр. Қазақ ән өнерінде бұлбұл – әншілік өнердің, шешендіктің және ғашықтық сезімнің әмбебап символы. «Агугай, Жамал-ай» әнінде: *«Дауысың бұлбұл болғанда өзің бір гүл»* (Бабалар сөзі, 2013: 36) – деп, шығыстық поэзиядан бастау алатын «бұлбұл мен гүл» жұбы қазақы танымға бейімделе қолданылған. Мұнда жігіт (әнші) өзін сайраған бұлбұлға, ал сүйген жарын нәзік гүлге балайды. «Ғашық жарға» әнінде де лирикалық кейіпкер: *«Сайраған бір сен үшін мен бір бұлбұл»* (Бабалар сөзі, 2013: 141) – деп, өз сезімін ән арқылы жеткізетінін осы құс бейнесімен нақтылай түседі. Бұлбұл бейнесі арқылы әнші өз өнерінің құдіретін және махаббатының шынайылығын паш етеді.

«Бұлбұл» бейнесімен қатар қазақ ән фольклорында «қарлығаш» орнитонимі де ерекше лингвомәдени жүктемеге ие. Шетелдік ғалым З. Ковечес метафора мен мәдениеттің байланысын зерттей келе, «әмбебап метафоралармен қатар, әр мәдениеттің өзіне тән, вариативті метафоралары болады» деген қорытынды жасайды (Kövecses, 2010: 201). Бұл пікір қазақ әндеріндегі «қарлығаш қанат» тіркесінің тек қазақ мәдениетіне тән сұлулық эталоны (қас пішіні) екендігін түсіндіруге мүмкіндік береді. Бұл құс атауы ән мәтіндерінде екі түрлі қызметте жұмсалады. Біріншіден, қарлығаш – сұлулықтың, әсіресе қыздың қас пішінінің эталоны. Халықтық эстетикада қарлығаштың қанатының иілісі сұлудың қиғаш қасына ұқсатылады. Мәселен, «Ахау, құрғыр» әнінде:

«Қанаты қарлығаштың – қара қасың,

Сұға түскен аққудай таранасың» (Бабалар сөзі, 2013: 89) – деген жолдар кездеседі. Мұндағы «қарлығаш қас» немесе «қанаты қарлығаштың» тіркесі – қазақ аруының портретін жасайтын, ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты фразеологизмдік теңеу. Бұл теңеу арқылы қыздың нәзіктігі мен сүйкімділігі қатар суреттеледі.

Екіншіден, «қарлығаш» – хабаршы, дәнекер және адалдық символы ретінде танылады. Мифтік танымда қарлығаш – адамға жақын, оған жақсылық тілейтін, алыстан хабар жеткізетін құс. «Халық ұғымында қарлығаш – «пейіштің құсы», жақсылықтың жаршысы және адалдықтың символы» (Абдуманова, 2017: 264). Осы түсінік «Қыз» әніндегі:

«Кеткенде аулың алыс, қалқатайым,

Хат жазып қарлығаштан, жіберейін» (Бабалар сөзі, 2013: 264) – деген жолдарда көрініс тапқан. Мұнда ғашық жігіт өз сезімін немесе сағынышын жеткізуші ретінде басқа құсты емес, дәл қарлығашты таңдайды. Бұл метафоралық қолданыс құстың кеңістікті бағындыру мүмкіндігі мен оның «елшілік» миссиясына деген халықтық сенімге негізделген. С.А. Жиренов орнитонимдік паремияларды зерттей келе: «Тілдегі орнитонимдер арқылы жасалған паремиялар этностың дүниетанымындағы құстар әлемі мен адамдар тұрмысының сабақтастығын, табиғат пен адамның тепе-теңдігін көрсетеді», – деп тұжырымдайды (Жиренов, 2023: 14). Бұл пікір ән мәтіндеріндегі орнитонимдердің де халықтық философиямен тығыз байланысты екенін дәлелдейді.

Ән мәтіндерінде кездесетін тағы бір маңызды орнитоним – «тоты» құсы. Бұл лексема көбінесе киім киісінің сәнділігін, түр-түсінің алуандығын немесе мінездің құбылмалылығын сипаттау үшін қолданылады. «Ханшайым» әнінде:

«Көңілдің ғашық отын сөндіре алмай,

Тотыдай жүз құбылып қалып едің» (Бабалар сөзі, 2013: 342) – деген жолдар бар. Бұл

жердегі «тотыдай құбылу» теңеуі қыздың ішкі толғанысын, ұялшақтығын немесе сыртқы көркінің жағдайға қарай түрленіп, құлпырып тұрғанын бейнелейді. Тоты құсының экзотикалық сипаты мен ашық түстері оны сұлулық пен сән-салтанаттың символына айналдырған.

Сондай-ақ ән мәтіндерінде сирек кездесетін, бірақ өзіндік бояуы бар «қырғауыл» секілді құс атаулары да ұшырасады. «Сәулем-ай» әніндегі «*Қырғауылдың мойнындай мың құбылған, қалқам-ай*» (Бабалар сөзі, 2013: 308) деген жолдар арқылы ғашық жардың сұлулығы мен оның көз тартарлық ажары суреттеледі. Қырғауылдың мойнындағы қауырсындардың күн сәулесіне шағылысып, түрлі түске ену қасиеті, яғни иризация адамның көркіне немесе оның құбылмалы мінезіне қатысты астарлы түрде қолданылады. Бұл мысалдар қазақ халқының табиғаттағы құстардың сыртқы ерекшеліктерін жіті бақылап, оларды адам болмысын ашудағы ұтымды көркемдік құрал ретінде пайдалана білгенін көрсетеді.

Талданған материалдар негізінде орнитонимдердің коммуникативтік-прагматикалық қызметіне де ерекше назар аудару қажет. Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы әдеп жүйесі мен «ат тергеу» салты, сондай-ақ ғашықтық сезімді ашық білдіруге деген ішкі инабаттылық сезімдерді астарлы тілмен жеткізуді талап еткен. Осы орайда «аққуым», «қаз-үйрегім», «бұлбұлым» секілді зоонимдік метафоралар сүйген жардың есімін алмастыратын эвфемистік қызмет атқарған. Бұл – сөздің эстетикалық әсерін күшейтіп қана қоймай, ұлттық мәдениеттегі сөйлеу этикетінің сақталуын қамтамасыз ететін бірегей лингвомәдени тәсіл. Мәселен, «Екі жирен» әніндегі:

«Жалғанда ғашығымсың, ай,

Жаным сүйген» (Бабалар сөзі, 2013: 154) – деген жолдарда нақты есімнің орнына жанама сипаттамалар мен зоонимдік теңеулердің алдыңғы шумақтардағы аттың сипатымен астаса қолданылуы осыны дәлелдейді.

Сонымен қатар орнитонимдер ән мәтіндерінде психологиялық параллелизм құрудың негізгі құралы болып табылады. Табиғаттағы құстардың іс-әрекеті (ұшуы, қонуы, сайрауы, қаңқылдауы) лирикалық кейіпкердің ішкі көңіл-күйімен (қуанышы, мұңы, сағынышы, үміті) қатар қойылып суреттеледі. «Қоңыр қаз-үйрек» әніндегі «*Қоңыр қаз-үйрек, қанатын сүйреп*» (Бабалар сөзі, 2013: 252) жолдарында құстың қанатын сүйретуі – кейіпкердің дәрменсіздігін, шаршауын немесе үмітсіздігін заттық бейне арқылы көрсетеді. Бұл құбылыс көшпелі халықтың табиғатпен біте қайнасқан дүниетанымын, адам мен қоршаған орта арасындағы шекараның шартты екендігін көрсететін семиотикалық белгі ретінде бағалануы тиіс.

Лингвомәдени талдау нәтижелері көрсеткендей, қазақ әндеріндегі орнитонимдер этностың аксиологиялық құндылықтар жүйесінде маңызды орын алады. «Қыран» мен «сұңқар» – еркіндік, тәуелсіздік және биік рух құндылықтарын таңбаласа, «аққу» мен «қарлығаш» – адалдық, сұлулық және мейірім құндылықтарын насихаттайды. Бұл атаулардың жиі қайталануы және тұрақты эпитеттермен («ақ сұңқар», «қоңыр қаз», «көк ала үйрек») тіркесуі олардың халық жадында стереотиптік образдар ретінде бекігенін көрсетеді. Осылайша, ән мәтініндегі әрбір құс атауы – ғасырлар бойы сұрыпталған, ұлттық кодты тасымалдаушы мәдени ақпараттың жиынтығы. Зерттеушілердің пікірінше: «Тіл нақты өмірдің айнасы ретінде қызмет ететіндіктен, лексика қоғамдағы когнитивтік және ақпараттық өзгерістердің «тіркеушісі» рөлін атқарады» (Bissengali, 2024: 63). Яғни, халық әндеріндегі «аққу», «бұлбұл» секілді тұрақты теңеулер – халқымыздың өткен өмірі мен эстетикалық танымын бүгінгі күнге жеткізіп отырған рухани тіркеуші құралдар. Отандық ғалымдардың тағы бір зерттеулерінде: «Зоонимдердегі мәдени ақпарат осы тілді қолданушы халықтың өмір салтын, тұрмысын бейнелейді және тілдік қауымдастықта сақталады. Жануарлар (құстар) әлемі – өркениеттің қалыптасуы мен өмір сүруінің негізі ретінде сөз өнерінің маңызды материалына айналғаны» көрсетіледі (Rayeva, 2024: 95). Яғни, қазақ әндеріндегі орнитонимдер халықтың табиғатпен етене байланысын және ғасырлар бойғы рухани тәжірибесін көрсететін «зоонимдік код» қызметін атқарады.

Қазақ ән мәтіндерін зерттеу барысында орнитонимдердің көпқырлы лингвомәдени табиғаты айқындалды. Құс атаулары жай ғана денотативті мағынада емес, көбінесе коннотативті мағынада жұмсалып, метафора, теңеу, символ, аллегория сияқты көркемдік тәсілдерді жасауға негіз болған. Олар адамның сыртқы келбетін, мінез-құлқын, ішкі сезімдерін және әлеуметтік қатынастарын бейнелейтін әмбебап код қызметін атқарады. Бұл нәтижелер қазақ тіліндегі

зоонимдік лексиканың тек биологиялық емес, терең этномәдени мазмұнға ие екенін ғылыми тұрғыдан дәйектейді.

Қорытынды

Зерттеу жұмысында қазақ ән мәтіндеріндегі орнитонимдердің лингвомәдени сипаты кешенді түрде қарастырылды. Жұмыс барысында алға қойылған мақсатқа сәйкес, сипаттамалы, компоненттік және контекстік талдау әдістері, сондай-ақ лингвомәдени интерпретация тәсілі қолданылып, құс атауларының ұлттық дүниетанымдағы символдық, метафоралық және эталондық қызметі айқындалды. Зерттеу нәтижелері жұмыстың басында ұсынылған ғылыми гипотезаны, яғни орнитонимдердің жай ғана зоологиялық атау емес, халықтың эстетикалық талғамы мен этикалық ұстанымдарын, философиялық ой-танымын таңбалайтын тұрақты мәдени кодтар, яғни лингвомәдени бірліктер жүйесі екенін толығымен растады. Жүргізілген талдаулар мен сараптамалар негізінде мынадай нақты ғылыми тұжырымдар жасалды:

Біріншіден, қазақ ән фольклорында орнитонимдер үш негізгі семантикалық топқа бірігеді: су құстары (аққу, қаз, үйрек) – сұлулық, нәзіктік және адалдық эталоны; жыртқыш құстар (бүркіт, сұңқар, лашын, түйғын) – ерлік, тектілік, өршілдік және жігіттік күш-қуаттың символы; сайрағыш және дала құстары (бұлбұл, қарлығаш, тоты) – өнер, шешендік, жақсы хабар және көңіл-күйдің жаршысы.

Екіншіден, ән мәтіндеріндегі зоонимдік метафоралар мен теңеулер психологиялық параллелизм құрудың және ұлттық әдеп жүйесіндегі сөйлеу этикетін, яки эвфемизмдерді сақтаудың тиімді құралына жатады. Бұл құбылыс көшпелі қазақ халқының табиғатпен тұтастығын және қоршаған ортаны антропоморфтық тұрғыдан қабылдайтынын, сондай-ақ «адам – табиғат» қатынасындағы үндестікті көрсетеді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы алынған нәтижелердің қазақ тіл біліміндегі лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика және этнолингвистика салаларын жаңа деректермен толықтыруында жатыр. Мақалада жасалған тұжырымдар мен жинақталған лингвомәдени бірліктерді болашақта «Қазақ тілінің этномәдени сөздігін» және ассоциативтік сөздіктерді түзуде, жоғары оқу орындарында фольклортану және тіл білімі пәндерін оқытуда, сондай-ақ ұлттық код мәселесін зерттейтін арнайы курстарда көрнекі материал ретінде пайдалануға болады. Келешекте бұл бағыттағы зерттеулерді кеңейтіп, қазақ әндеріндегі фитонимдер (өсімдік атаулары) мен басқа да зоонимдердің (төрт түлік мал, аң атаулары) когнитивтік табиғатын салыстырмалы түрде қарастыру – отандық филология ғылымының өзекті міндеттерінің бірі ретінде әлі де терең әрі жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Әдебиеттер

- Абдумананова Ж.А. Орнитонимдердің метафоралануы және символдық мәні // Eurasian Journal of Philology Science and Education. – 2017. – Т. 165. – № 1. – 372-376-66.
- Ахметжанова, З.К. Казахская лингвокультура: язык, человек, этнос : монография / З.К. Ахметжанова, З.Ш. Ерназарова. – Алматы: Елтаным, 2016. – 286 с.
- Өмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктері: филол. ғыл. канд. дис. – Алматы, 2006. – 125 б.
- Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Т. 99: Ән-өлеңдер. – Астана: Фолиант, 2013. – 440 б.
- Жиренов С.А. Орнитонимдік паремиялардың этномәдени семантикасы // Қарағанды университетінің хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – № 2(110). – 13-22-66. DOI: 10.31489/2023Ph2/13-22.
- Күркебаев К.Қ., Ордабекова Х.А. Дәстүрлі қазақ ән мәтіндерінің лингвомәдени бейнесі // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – № 3(187). – 32-42-66. DOI: 10.26577/EJPh.2022.v187.i3.04.
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. – Т. 2: Қоғам. – Алматы: Сардар, 2013. – 728 б.
- Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
- Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Москва: Тетра Системс, 2004. – 255 с.
- Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы: Елтаным, 2010. – 280 б.
- Телия В.Н. Русская фразеология: Семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты. – Москва: Языки русской культуры, 1996. – 288 с.
- Bissengali, A., Mankeyeva, Zh., Ashimbayeva, N. Linguocognitive and Linguocultural Foundations of the Processes

of Terminologization in Modern Kazakh and Turkish Languages // *Tiltanyim*. – 2024. – № 3(95). – Pp. 60-71. DOI: 10.55491/2411-6076-2024-3-60-71.

Daniyarova, Z.Zh. Linguocultural analysis of zooanthronyms in Karakalpak epics // *Eurasian Journal of Academic Research*. 2024. Vol. 4. Issue 1. Pp. 232-238.

Kövecses, Z. Metaphor and Culture // *Acta Universitatis Sapientiae, Philologica*. 2010. Vol. 2(2). Pp. 197-220.

Lakoff, G., Johnson, M. *Metaphors We Live By*. Chicago: University of Chicago Press, 2003. 276 p.

Pangereyev, A.S., Kabylov, A.D., Aldashev, N.M., Umatova, Z.M., Suleimenova, Z.Y., Shuriyeva, A.Y. Epic Toponyms as Carriers of a Linguocultural Code // *Eurasian Journal of Applied Linguistics*. 2023. Vol. 9. № 1. Pp. 13-23. DOI: 10.32601/ejal.901002.

Rayeva, A., Eker, S. Linguocultural Semantic Aspects of Zoo-phraseological Units in Turkic Languages // *Bulletin of KazNU. Philology series*. 2024. Vol. 195. № 3. Pp. 91-102. DOI: 10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph09.

Sakhibullina, K.A. Phraseological Units with the Ornithonym Component in Social Networks and Their Variations // *Russian Linguistic Bulletin*. 2023. № 1(37). DOI: 10.18454/RULB.2023.37.21.

Zhernovaya, O.R. The Linguistic Cultural Analysis of Phraseological Units with the Zoonym Component // *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (ISCKMC 2020)*. 2021. DOI: 10.15405/epsbs.2021.05.21.

References

Abdumanapova, Zh. (2017) Ornithonymization of metaphorical units in Kazakh language. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, 165(1), 372-37-bb. [Abdumanapova, Zh. (2017) Metaphorization and symbolic meaning of ornithonyms. *Eurasian Journal of Philology Science and Education*, 165(1), Pp. 372-376.] (in Kazakh)

Ahmetzhanova, Z., Ernazarova, Z. (2016) *Kazahskaja lingvokul'tura: jazyk, chelovek, jetnos: monografija* Almaty: Eltanyim, 286 p. [Akhmetzhanova, Z., Yernazarova, Z. (2016) *Kazakh linguoculture: language, person, ethnos: monograph*. Almaty: Eltanyim, 286 p.] (in Russian)

Amirbekova, A. (2006) *Konceptilik qurylymdardyg pojetikalyq matindegi verbaldanu erekshelekteri*. Filol. gyl. kand. dis. Almaty, 125 b. [Amirbekova, A. (2006) *Features of verbalization of conceptual structures in poetic text*. Cand. philol. sci. diss. Almaty, 125 p.] (in Kazakh)

Babalar sozi: zhuztomdyq. T. 99: An-olengder (2013) Astana: Foliant, 440 b. [Words of Ancestors: 100 Volumes. Vol. 99: Folk Songs (2013) Astana: Foliant, 440 p.] (in Kazakh)

Bissengali, A., Mankeyeva, Zh., Ashimbayeva, N. (2024) Linguocognitive and Linguocultural Foundations of the Processes of Terminologization in Modern Kazakh and Turkish Languages. *Tiltanyim*, (3), 60-71. DOI: 10.55491/2411-6076-2024-3-60-71. (in English)

Daniyarova, Z. (2024) Linguocultural analysis of zooanthronyms in Karakalpak epics. *Eurasian Journal of Academic Research*, 4(1), 232-238. (in English)

Kövecses, Z. (2010) Metaphor and Culture. *Acta Universitatis Sapientiae, Philologica*, 2(2), 197-220. (in English)

Kurkebaev, K., Ordabekova, H. (2022) Dasturli qazaq an matinderining lingvomadeni bejnesi. *QazUU Habarshysy. Filologija serijasy*. No. 3(187). 32-42-bb. [Kurkebayev, K., Ordabekova, H. (2022) Linguocultural image of traditional Kazakh song texts. *Bulletin of KazNU. Philology series*. No. 3(187). Pp. 32-42.] (in Kazakh)

Lakoff, G., Johnson, M. (2003) *Metaphors We Live By*. Chicago: University of Chicago Press, 276 p. (in English)

Mankeeva, Zh. (2008) Qazaq tilindegi jetnomadeni ataulardyng tanyndyq negizderi. Almaty: Zhibek Zholy, 356 b. [Mankeyeva, Zh. (2008) *Cognitive foundations of ethnocultural names in the Kazakh language*. Almaty: Zhibek Zholy, 356 p.] (in Kazakh)

Maslova, V. (2004) *Kognitivnaja lingvistika*. Moskva: Tetra Sistems, 255 p. [Maslova, V. (2004) *Cognitive linguistics*. Moscow: Tetra Sistems, 255 p.] (in Russian)

Pangereyev, A., Kabylov, A., Aldashev, N., Umatova, Z., Suleimenova, Z., Shuriyeva, A. (2023) Epic Toponyms as Carriers of a Linguocultural Code. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 9(1), 13-23. DOI: 10.32601/ejal.901002. (in English)

Qajdar, A. (2013) Qazaqtar ana tili aleminde: jetnolingvistikalıyq sozdik. T. 2. Qogam. Almaty: Sardar, 728 b. [Qaidar, A. (2013) *Kazakhs in the world of their native language: Ethnolinguistic dictionary*. Vol. 2. Society. Almaty: Sardar, 728 p.] (in Kazakh)

Rayeva, A., Eker, S. (2024) Linguocultural Semantic Aspects of Zoo-phraseological Units in Turkic Languages. *Bulletin of KazNU. Philology series*, 195(3), 91-102. DOI: 10.26577/EJPh.2024.v195.i3.ph09. (in English)

Sakhibullina, K. (2023) Phraseological Units with the Ornithonym Component in Social Networks and Their Variations. *Russian Linguistic Bulletin*, (1). DOI: 10.18454/RULB.2023.37.21. (in English)

Smagulova, G. (2010) *Magynalas frazeologizmderding ulttyq-madeni aspektleri*. Almaty: Eltanyim, 280 b. [Smagulova, G. (2010) *National-cultural aspects of synonymous phraseological units*. Almaty: Eltanyim, 280 p.] (in Kazakh)

Teliya, V. (1996) *Russkaja frazeologija: Semanticheskij, pragmaticheskij i lingvokul'turologicheskij aspekty*. Moskva: Jazyki russkoj kul'tury, 288 p. [Teliya, V. (1996) *Russian phraseology: Semantic, pragmatic and linguocultural aspects*. Moscow: Languages of Russian culture, 288 p.] (in Russian)

Zhernovaya, O. (2021) The Linguistic Cultural Analysis of Phraseological Units with the Zoonym Component. *European Proceedings of Social and Behavioural Sciences (ISCKMC 2020)*. DOI: 10.15405/epsbs.2021.05.21. (in English)

Zhirenov, S. (2023) Ornithonymic paremias in Kazakh language. *Qaragandy universitetining habarshysy. Filologija serijasy*. №2(110). 13-22-bb. [Zhirenov, S. (2023) *Ethnocultural semantics of ornithonymic paremias*. *Bulletin of*

the University of Karaganda. Philology series. No. 2(110). Pp. 13-22.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.12.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 23.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.

© Садық А.С., 2026

